

Алматы қаласы әкімдігінің "2014-2015 жылдарға арналған Жұмыспен қамту 2020 жол картасы Бағдарламасына қатысушыларды кәсіптік даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" 2014 жылғы 13 тамыздағы № 3/665 қаулысының күшін жою туралы

Алматы қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 22 шілдедегі № 3/459 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің «2014-2015 жылдарға арналған «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» Бағдарламасына қатысушыларды кәсіптік даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы» 2014 жылғы 13 тамыздағы № 3/665 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1082 болып тіркелген , «Алматы ақшамы» және «Вечерний Алматы» газеттерінде 2014 жылғы 6 қыркүйекте жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Алматы қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының қабылданғаны жайында әділет органдарына бір апталық мерзімде х а б а р л а с ы н ;

2) бір апталық мерзімде осы қаулыны ресми баспа басылымдарында жариялауды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы әкімінің орынбасары Ю. Ильинге жүктелсін.

Алматы қаласы әкімі

А. Есімов

Е н г і з у ш і :

Алматы қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Е. Әлиқұлов

К е л і с і л д і :

А л м а т ы қ а л а с ы әкімінің орынбасары Ю. Ильин

А л м а т ы қ а л а с ы әкімі аппараты заң бөлімі басшысы А. Қасымова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК